OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 2, Number 312 (2017), 227 – 231

I.S. Muratbaeva

Almaty branch of the St.-Petersburg Humanitarian university of trade unions, Almaty, Kazakhstan

CASES OF METAPHORIZATION IN THE SPHERE OF TERMINOLOGY

Annotation. The process of metaphorization in the sphere of terminology is the most complicated and manystaged one. The way of metaphoric terminologization is used in many branches of science and technique and has a long and profound history. The base of the given semantic word formation is the usage of transfer of the meaning of the word as the understandable nuclear of the term, which is understood simply by users. In the opinion of many researches, metaphoric termformation takes place at different time, at different levels, and more often is used in technical branch.

In humanitarian sciences abstract notions may also be expressed by concrete lexics, thus modelling picturesness, sense of touch, accessibility to understanding.

Metaphoric way of term formation, based on hidden comparison, gives the user the possibility to compare and confront language and terminological meanings, to construct more profound idea about the subject under study. Terms formed by metaphoric way, at the beginning may be occasional metaphors, i.e. the author of the new name does it through his own individual outlook, putting in the meaning of the word his own understanding of the problem, expressing his own point view. As the analysis of many term systems shows, the largest part of the terms of the whole dynamically developed branches of sciences, may be formed on the base of metaphoric transfer. Metaphor plays an important role in determinologization of terms and transition of them in a common language.

Key words: metaphors, metaphorization, semantic formation of terms, word formation, occasional metaphors, system of terms, determinologization

ӘОЖ: 811.512.122.09

И.С. Муратбаева

Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіподақтар университеті Алматы филиалы, Алматы қ., Қазақстан

ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ КӨРІНІСІ

Аннотация. Терминология жүйесіндегі метафоралану үдерісі күрделі және көпсатылы құбылыстардың бірі болып табылады. Метафоралық терминжасам тәсілінің ұзақ тарихи даму жолы бар. Осы тәсілмен жасалған метафораланған теминдер бүгінде ғылым мен техниканың көптеген салаларында қолданылады.

Көптеген ғалымдар мен ізденушілердің пікірінше, метафоралық терминжасам әртүрлі уақытта түрлі деңгейде өтті. Гуманитарлық ғылым салаларында абстактілі ұғымдар нақты лексика арқылы беріліп, бейнелілікті, түйсіну мен ұғынуды модельдеуге септігін тигізеді. Жасырын салыстыруға негізделген метафоралық терминжасам қолданушыға тілдік және терминдің ұғымдарды салыстыруға, яғни зерттелетін зат пен құбылыс туралы терең ұғымды құрауға мүмкіндік береді. Метафора арқылы жасалған терминдер бастапқыда окказионалды метафоралар болады, себебі жаңа атаудың авторы салыстыруды өз көзқарасы арқылы жасайды. Көптеген терминдік жүйелердің талдауы көрсеткендей, серпінді дамып келе жатқан ғылым салаларының терминдері метафоралы ауысу арқылы жасалады. Метафора терминдердің бейтерминдену кезеңінде және жалпы қолданыстағы тілге өту барысында маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: метафора, метафоралану, семантикалық терминжасам, сөзжасам, окказионалды метафора, терминдік жүйе, бейтерминдену.

Терминология жүйесіндегі мәселелерді қарастырғанда, ең алдымен, терминнің қалыптасу, жасалу жолдары мен тәсілдерін анықтап алу қажеттілігі туындайды. Терминжасамдағы кеңінен таралған тәсілдердің бірі – лексика-семантикалық тәсіл. Н.М. Шанскийдің сөзімен айтқанда, лексика-семантикалық тәсіл

дегеніміз – бір сөздің мағыналарының түрлі сөздерге айналуы немесе басқа мағынаның берілуі [1]. Бұл тәсіл сөздің көпмағыналылығымен, туынды мағынаның қалыптасуымен тығыз байланысты. Сөздің туынды немесе ауыспалы мағынасының қалыптасуында әдеби лексиканың қатысуы – заңды құбылыс. Ауыспалы мағынаның жасалу тәсілдерінің кең тараған түрлерінің бірі – метафора мен метонимия. В.И. Зимин, Э.А. Модебадзе [2], О.В. Галкина [3] бұл тәсілдердің айырмашылықтарын ажыратып, ортақ қасиеттеріне тоқталып кеткен. Терминжасамда бұл тәсілдерден басқа мағынаның кеңеюі мен тарылу тәсілдері жиі қолданылады.

Сөздің ауыспалы мағынада қолдану барысында уақыт өте негізгі және туынды мағыналар бір-бірінен алшақтап, ортақ байланысты үзіп, омонимдер қатарына өтуі мүмкін. Көпмағыналы сөздердің ауыспалы мағынасымен омонимдерді ажырату – күрделі мәселелердің бірі.

Семантикалық терминжасам туындаған ұғымға арнайы атау, есім беруден тұрады. Терминология жүйесінде өтетін бұл құбылыс әдеби тіл жүйесінде өтетін құбылыспен салыстырғанда жылдам болады. Ал метафора – лексика-семантикалық тәсілдердің кең таралған түрі болып табылады.

Метафора – метафоралы ауыстырудың нәтижесі, ал метафоралы ауыстыру дегеніміз бір ұғымның атауын екінші ұғымның сипаттық ұқсастығына қарай ауысуы. Ауыстыру кезеңінде жалпы ортақ сипаттар негізгі болып табылады. Сипаттарының түрлеріне қарай метафоралар тілдік, жеке-дара, окказионалды болып негізгі үш топқа бөлінеді. Тілдік және индивидуалды метафоралар арасындағы айырмашылықтарды бөліп ажырату қиындықтар туғызатыны сөзсіз, себебі бұл метафораның екі түрі де әрбір тілге тән бір модельмен жасалатыны анық, сонымен қатар жеке-дара метафоралардың тілдік метафоралар қатарына өтіп кету-кетпеуі уақыт еншісінде, себебі метафоралану үдерісі – күрделі және көпдеңгейлі құбылыс.

Метафоралы ауысу – көптеген терминологиялық жүйелерде кеңінен таралған семантикалық терминжасамның түрі. В.Н. Прохорованың болжамы бойынша, метафоризация техникалық, медициналық және басқа да жаратылыстану ғымдарының терминологиялық жүйелерінің қалыптасуына көп септігін тигізген семантикалық тәсіл, яғни осы сала терминдерінің басым көпшілігі метафоралы ауыстыру негізінде жасалған [4]. Гуманитарлық пәндердің терминологиялық жүйелерінде терминжасамның басқа түрлері де кеңінен таралған. Түрлі терминологиялық жүйелердегі метафоралану процесінің түрлі деңгейде өтуі нақты және абстракты лексиканың ара-қатынасының айырмашылығымен түсіндіріледі. Жаратылыстану пәндерінің терминологиясында зерттеу нысанының атаулары ретінде нақты лексика кеңінен берілген. Гуманитарлық пәндердің терминологиялық жүйелерінде үдерістерді, ара-қатынастарды, байланыстарды атауға абстрактілі лексика кеңінен қолданылған.

Терминологиядағы метафоризация – ең алдымен, нақты лексикаға тән үдеріс. Нақты лексика нақты заттар мен құбылыстардың атауы болып табылғандықтан, ауыспалы мағынада қолдануға да ыңғайлы және оңайырақ. Нақты заттар мен құбылыстарды нақты көріп, естіп, тануға болатындықтан, олардың формасы, түсі, іс-қимылы, функциясы сияқты сипаттарын да терең танып, бөлешектеп, салыстыруға және ажыратуға да қолайлы. Нақты лексика негігінде жасалған метафоралар жаңа ұғымды тез қабылдап, түсініп, айшықтауға зор мүмкіндік береді.

Сонымен бірге метафоралану үдерісі абстрактылы лексика саласында да жүреді, алайда нақты лексикамен салыстырғанда анағұрлым сирек кездеседі. Мысалы, *вымораживание /үсіну* - эк., *жад/ память* - информ. және т.б. осы типтес терминдерді алатын болсақ, тура мағынадағы сөздер метафора арқылы терминделіп, ауыспалы мағынада құбылыстың, процестердің мән-мағынасын ашуда ат салысып, ерекше рөл атқарып тұр.

Терминология жүйесіндегі метафоризация жалпы тіл жүйесіндегі жүретін процестердің бір бөлшегі болып табылады.

Метафора жалпы ситаттарынан негізінде атаулардың ауыстырылуы ретінде салыстыруға негізделеді. Басқа сөзбен айтқанда, метафора айқындалмаған салыстыру деп сипаттауға болады.

Бұл тұжырыммен барлық зертеушілер бірдей келісе бермейді. Мысалы, А.В. Бельский метафоралар кей жағдайларда салыстыру, салғастыру болып келсе, көпеген басқа жағдайларда бір сөзді басқа екінші сөзбен ауыстыру ғана болып келеді деген пікір айтады [5]. Біздің ойымызша, күрделі ассоциациялар арқылы құрылған метафоралар осы тұжырымды дәлеледей түседі.

Талдау барысында метафора мен салыстыру беретін грамматикалық конструкциялар арасындағы мағыналық жақындық айқын көрінеді. Бірақ бұл ұғымдарды бір-бірімен ауыстыруға болмайды. Түрлі метафоралар салыстырулармен түрлі ара-қатынаста болады. Орыс тілінде *точно, будто, словно* сияқты т.б. сөздер арқылы күрделі конструкциялар құрылады, ал жеке метафоралар күрделі салыстырмалы сөйлемге айналады. Метафоралар салыстырудың нәтижесі болып табылады. Терминнің метафоралы жасалуы, біріншіден, арнайы ұғыммен жалпыға таныс, белгілі ұғымды салыстыруды, екіншіден, арнайы ұғымды жалпыға таныс ұғымды білдіретін сөзбен атауды қажет етеді. Салыстыру бір немесе бірнеше ең негізгі немесе басқа да сипаттары арқылы жүргізіледі.

Түрлі терминологиялық жүйенің арнайы ұғымдарын салыстыру арқылы да жүзеге асырыла алады. Мысалы, *акант* биология саласының өсімдік атауы болып табылса, сәулет саласында осы аталған өсімдіктің

жапырақтары мен гүлдеріне ұқсас өрнекті атайды. Немесе *антенны* техника саласында радиотолқындарды қабылдауға арналған құрал болса, зоологияда сыртқы дүниені қабылдайтын жәндіктердің сезімтал дене мүшесін атайды. Бұл мысалдардағы салыстыру көп жағдайда сыртқы ұқсастықтарға және оның орындайтын функцияларына негізделген. Терминологиялық жүйеде мұндай мысалдар көптеп кездеседі.

Арнайы және жалпы қолданыстағы ұғымдардың сипаттарын салыстыру және соның негізінде терминнің жасалуы метафоралану үдерісінен басқа да семантикалық процестер арқылы бола алады. Сондықтан бұл процестерді бөліп, ажыратып алу керек.

Екі ұғымға да жалпы сипаттар терминжасамның морфологиялық тәсілінде де көрініс табады. Мысалы, *горловина камеры* (узкая выработка, соединяющая при пологом падении залежи камеру с откаточной выработкой); *седловина* (седлообразное понижение в гребне). Берілген мысалдардың семантикасы аталған нысан мен аталатын нысанның арасындағы ұқсастықтың барын көрсетеді, алайда *-ина, -(в)ина* косымша жұрнақтар арқылы жасалып, жаңа сөздер туындап отыр.

Салыстырудың жалпы сипатындағы семантикалық қатынастары басқа да жұрнақтар арқылы беріледі*: иц-а, (н)иц-а, анк-а* және т.б. *Крапивница* (болезнь, имеющая какое-то отношение к крапиве, т.е. одним из признаков, которой является покраснение кожи, такое как от ожога крапивой), *волчанка* (болезнь, одним из призаков которой является сходство с мордой волка). Қазақ тілі материалдары негізінде мұндай морфологиялық тәсілі арқылы жасалған терминдерді кездестіре алмадық. Мұндай терминжасамның тәсілдері сирек кездесетіндердің қатарына жатады, алайда терминжасамда бұл тәсілдердің қолдану мүмкіндігін кеңейту маңызды және назарда ұстаған жөн деп санаймыз.

Ұғымдардың сипатын салыстыру арқылы атау құранды терминдер қатарында да кеңінен таралған. Құранды терминдерге салыстыру арқылы біртұтас атау жиі қолданылады. Салыстыру анықтауыш, сондай-ақ, негізгі сөз арқылы да беріле алады. Мысалы, *анатомическая шейка // анатомиялық мойын, семья языков // тілдер семьясы, ключ иероглифа // иероглиф кілті* және т.б. Салыстырудың семантикалық сипаттары бірдей болған жағдайда терминжасамның деривация тәсілдері түрлі болып келеді.

Бірқұранды термин-метафора басқа да тәсілдермен жасалған терминдермен ара-қатынаста болса да, салыстырудың сипатарының болмауымен ерекшеленеді. Бұл терминдерде салыстыру нысанына нұсқау жоқ, салыстыру негізінің түсіндірілуін арнай ұғымның дефинициясынан іздеу қажет. Сонымен метафоралы терминжасам ұғымдардың жалпы сипаттарының салыстырылуына негізделген семантикалық тәсілдердің бір түрі деген қорытындыға келеміз.

Метафоралы терминжасамдағы ауыстырудың негізгі түрлері – бұл атаулардың формасына, функциясына, орнына және т.б. сипатарына қарай ауыстыру. Көптеген метафора-терминдерде бұл аталған сипаттар бір-бірмен тығыз байланысып, оларды бөліп ажыратуда қиындықтар туғызады. Бір сипат бойынша ауыстыру сирек кездесетін құбылыс. Көптеген жағдайларда сипаттардың ортақ болуымен қатар ауыстырудың қосымша себептері, негіздері болады. Сонымен қатар жалпы әдеби тілде метафоралы терминжасамда ассоциация бойынша немесе эмоциялық қабылдау арқылы ауыстыру кеңінен таралған. Атауды ауыстыруда бұл компоненттің болуы мағынаға қосымша коннотативтік рең береді. Сөздің, терминнің негізгі денотаттық мағынасына өзгерістер енгізбейді, тек ассоциациялардың белгісі ретінде ғана қабыланады. Бұл компоненттердің формалды көрсетікштері ретінде түрлі субъективті мағынаны білдіретін қосымшалар қоладыналды. Мысалы, *шапанша // кармашек* (геогр.) терминінде *-ша, -ше* жұрнақтары формалды көрсеткіштер болып табылады.

Метафора-терминдерді жіктеуде, ең алдымен, мағыналық құрылымның ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі туындайды. Мұндай жіктеу формасын семантикалық жіктеу қатарына жатқызады. Метафора-терминдерді жіктеуде алдымен жалпы қағидаларға сүйенеміз. Нақтырақ айқындайтын болсақ, олардың бірі – нақтыдан абстрактіге ауысу, соның нәтижесінде концептуалды метафораны құру. Метафонаның бұл түрін зерттеуде, ең алдымен, «концепт» терминінің мән-мағынасын ашып алуды жөн санаймыз. Көптеген ғалымдар өз анықтамасын беріп, термин мағынасын ашып түсіндіреді, алайда біз терминің «түсінік, бейне, ұғым» деген мағынада қолданылатын вариантын қабылдаймыз. Э.Д. Сүлейменованың пікіріне сүйенсек, «концепт – часть концептуальной системы, то, что индивид занет, воображает, думает об объектах действительности» [6, с.151].

Концептуалды метафораны зерттеуде орыс ғалымы Е.О. Опаринаның еңбегінде айтылған. Оның «Концептуальная метфора и ее функции в языке» (Москва, 1990) атты кандидаттық диссертациясында концептуалды метафораға келесі дефинициояны береді: «Концептуальная метафора функционирует как средство получения новых знаний о предметном мире. Поэтому ее можно рассматривать как инструмент познания. Эта функция проявляется особенно ярко в языке науки, где при посредстве концептуальной метафоры происходит выделение научных категорий и где она может служить в качестве гипотетической модели, предсказывая ряд свойств исследуемого объекта» [7, 152]. *Коробка // қорап, радуга // кемпірқосақ* – эк., *маска, фильтр* – киберн., *дерево* – лингв., *паутина // өрмек* - информ. және т.б. терминдер осы тұжырымды дәлелдей түседі. Мысалға келтірілген терминдер нақты заттар мен іс-әркеттер арқылы өз